

### **Пайдаланған әдебиеттер:**

1 Акмолинская область, энциклопедия, 199 бет. Алматы 2009 ж.

2 Н.А. Назарбаев «Избранные речи» 5 том, 158 бет. Астана 2010ж.

3 Мендикулова Г.М. Казахская диаспора: история и современность. – Алматы, 2006;  
Мендикулова Г.М. Исторические судьбы казахской диаспоры. Происхождение и развитие. – 27-28 бет

4 Мендикулова Г.М. Международный симпозиум «Казахская диаспора: проблемы и перспективы» // Вестник Министерства науки-Академии наук Республики Казахстан. - 1996. - № 2. - 75-78 бб;

5 Асылбеков М.Х., Галиев А.Б. Социально-демографические процессы в Казахстане (1917-1980). Алматы, 1991. 41-43 бб.

## **ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ПАТРИОТИЗМ ЖӘНЕ ОНЫҢ ОТАН ТАРИХЫНАН АЛАТЫН ОРНЫ**

Бимағамбет А.Қ.

Ғылыми жетекшісі: г.ғ.м., аға оқуышы Тулегенова А.Ж.,  
Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті  
bimagambet1907@mail.ru

Бүгінгі таңда жас ұрпақты тәрбиелеудің аса маңызды міндеттері - ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика негізінде жеке тұлғаны қалыптастыру; белсенді азаматтық ұстанымы мен республиканың қоғамдық-саяси, экономикалық және мәдени өміріне қатысу қажеттігін, жеке адамның өз құқықтары мен міндеттеріне саналы көзқарасын қалыптастыру; отандық және әлемдік мәдениеттің жетістіктеріне баулу; қазақ халқы мен еліміздің басқа халықтарының тарихын, әдет-ғұрпы мен дәстүрлерін зерделеу, өз Отаны -Қазақстан Республикасына деген сүйіспеншілікке, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, халық дәстүрлерін қастерлеуге, Конституцияға қайшы және қоғамға жат кез-келген көріністерге төзбеуге, Отанды қорғауға және жалпыадамзаттық тыныштықты сақтауға, азаматтық пен патриотизмге тәрбиелеу болып саналады.

Қазақ елінің болашағын айқындайтын, оны тұрақты даму деңгейіне көтеретін бірден-бір құндылық, ол - жастарды отаншылдық рухта тәрбиелеу болса, қазақстандық жана білім моделі осыдан бастау алып, жас ұрпақты білімді және сол білімді ұтымды пайдалана алатын іскер, білгір де білікті етіп өсірумен қатар, оның адамгершілік болмысын, ішкі жан дүниесін, азаматтық тұлғасын, халықтық қасиеттерін дұрыс және орнықты қалыптастыру болмақ [1].

Осы орайда Отан тарихының өзекті мәселелерінің бірі - ұлттық мүдде негізінде төл тарихымыз бен мәдениетімізді жетілдіру, қоғамдағы ізгілік қарым-қатынасты, ұлтаралық мәдениетті дамыту арқылы жаңа қазақстандық патриотизмді қалыптастыру болып табылады.

Патриотизм (грекше patriotes-отандас, patris-Отан, туған жер) – Отанға деген сүйіспеншілік, бар күш-жігері мен білімін Отан игілігі мен мүддесі үшін жұмсау [2,173 б.].

Патриотизм әлеуметтік-саяси феномен ретінде адамзат өркениетінің барлық кезеңінде пайда болып отырды. Ерте Грек және Рим полистерінде еркін азаматтар өздерін туған елдерінің патриоттары деп санаған және Отандарын сүйетіндіктерін мақтаныш етіп отырған, яғни, туған жеріне, ана тілі мен төл мәдениетіне, өз халқының, елінің салт-дәстүріне деген сүйіспеншілік адамдарда ерте заманнан бастап-ақ қалыптаса бастаған.

Қазіргі заман жағдайына сәйкес жас ұрпаққа патриоттық тәрбие беруде оларды шынықтыру, тарихи санасын қалыптастыру, патриоттық сезімі мен құндылықты дамыту қоғамның алдында әр уақытта үлкен жауапкершілікті жүктейді.

Тұлғаның бойындағы патриоттық құндылық дегеніміз – елі мен туған жерін, Отанын сүю, мемлекеттің тәуелсіздігі мен бейбітшілігін, әлемдік тыныштықты сақтау үшін күресу, өзінің ана тілін, дінін, салт-дәстүрін бүгінгі заман талабына сай төл тарихымыз бен ұлттық мүдде негізінде жетілдіру, қоғамдағы ізгілік қарым-қатынасты, табиғат пен адам арасындағы мейірімділікті, ұлтаралық мәдениетті дамыту.

Тұлғаның бойындағы рухани құндылықтарды қалыптастырудың негізгі көзі - отбасы, әулет, әлеуметтік орта, аймақ, мемлекет, әлемдік кеңістік болса, тұлғаның бойындағы патриоттық құндылық - қазақ патриотизмі, ұлттық патриотизм, қазақстандық патриотизм, жалпыадамзаттық патриотизм арқылы көрініс бере отырып, тұлғаның бойында құндылықтың жоғары көрсеткіштері - мемлекет және ұлт алдындағы міндет, парыз, намыс, ұлттық рух, ұлттық сана және ұлттық тарихқа, салт-дәстүрге деген сүйіспеншіліктері қалыптасады [1].

Елбасы Н.Ә.Назарбаев өзінің Қазақстан халқына Жолдаулары мен сөйлеген сөздерінде егемен еліміздің азаматтарын қалыптастыруда тәрбие жұмыстарының ерекше рөлі бар екендігін баса айта келіп, әсіресе жастарда қазақстандық патриотизм сезімін оятып, тәрбиелеу қажеттігіне айрықша көңіл аудартады.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында бұл басым бағытты міндеттер нақты көрсетілген. Атап айтсақ: -жеке тұлғаның шығармашылық рухани және күш-қуаттық мүмкіншілігін дамыту, салауатты өмір салтының берік қағидаларын қалыптастыру, тұлғаны дамыту үшін жағдай жасау арқылы оның зерде, санасын байыта түсу; -Өз Отанын – Қазақстанды сүйуге, азаматтық пен патриотизмге тәрбиелеу, мемлекеттік рәміздері мен халықтың салт-дәстүрлерін құрметтеу, Ата Заң мен қоғамға қайшы келетін көріністерге төзбеу; Республиканың қоғамдық-саяси, экономикалық өміріне белсене қатысуына және сондай-ақ, өз құқықтары мен міндеттерін сезінуге баулу болып табылады.

Өркениеттіліктің де, мемлекеттің де бірінші негізі – тәрбие десек, жеке тұлғаны қалыптастыруда жас ұрпақты отаншыл, туған жері мен халқын сүйетін ізгілікті жан етіп тәрбиелеуде.

Төл тарихымыздың өткен күндеріне көз жіберсек, отансүйгіштіктің керемет үлгілерін көреміз. Тәуелсіз ел болуымыздың, қазақ деген ұлт болып отыруымыздың өзі ата-бабаларымыздың теңдессіз ерлігінің арқасы.

Бір өзіне бірнеше мемлекет сыйып кететін қазақтың ұлан-байтақ жерін ата-бабамыз сан-ғасырлар бойы «найзаның ұшымен, білектің күшімен» қанаттыға қақтырмай, тұмсықтыға шоқыттырмай қызғыштай қорғап келген, елі мен жері үшін талай жауымен соғысып, ерлік көрсеткен.

Ғасырлар бойғы алапат көршілердің шабуылдарына төтеп берген. Мұның басы-қасында қашаннан қайратты, намысты қолдан бермейтін ержүрек батыр азаматтар болған. Бұл жолда, Шу мен Қозыбасы өңірінде қазақ хандығының шаңырағын көтерген Жәнібек пен Керей, қазақ халқының экономикасын көтеру үшін Сыр бойындағы қалалар үшін күрескен Қасым мен Тәуекел, «Жеті Жарғы» заңдар жинағы арқылы Үш жүздің басын біріктірген Тәуке хан, жонғарларға қарсы белсене күрескен және олардың тарих сахнасынан кетуіне себепші болған Абылай хан, патша отаршылдығына қарсы күресіп өткен Сырым Датұлы, Махамбет, Исатай, Жанқожа батырлар, қазақ хандығын қайта құрып, соңғы ханы ретінде тарихта қалған, патша отаршылдығына қарсы күрескен Кенесары ханның ерліктері ұрпақтан-ұрпаққа тарап, мәңгі сақталары анық.

Қазақстандағы ұлт-азаттық қозғалыстар мен оның көрнекті өкілдері, ұлттық демократиялық зиялылар Ә. Бөкейханов, А. Байтұрсынов, М. Дулатовтың өмірі мен қызметі кімді болса да тебірентпей қоймайды.

Ұлы Отан соғысы жылдарында қаһармандық ерлік көрсеткен Бауыржан Момышұлы, Талғат Бигелдинов, Әлия Молдағұлова, Мәншүк Мәметовалардың ерліктері мен тыл еңбеккерлерінің ерен еңбегі жас ұрпаққа өшпес өнеге.

Бұл саясат ата-бабаларымыздың ғасырлар бойы аңсаған тәуелсіздігіне қол жеткізген тұста да өз жалғасын табуда. Яғни, бүгінде Елбасы Н.Ә.Назарбаев қазақ жерінде өмір сүріп жатқан барлық ұлт пен ұлысты татулық пен бірлік идеясында өмір сүруге жұмылдыра отырып, өзінің «Қазақстанның болашағы - қоғамның идеялық бірлігінде» деген еңбегінде «Көп ұлтты Қазақстанда жалпы ұлттық мүдделерді жүзеге асырудың бір ғана жолы бар екені айдан анық. Ол қазақ ұлтының біріктіруші рөлі жағдайында барлық халықтарының теңдігін қамтамасыз ету»-деп жазды. Мұның мәніне үңілсек, қоғамдағы әрбір азамат өз мемлекетіне, жеріне жауапкершілік сезіммен қарау керектігін көрсеткендей.

Патриоттық сезімнің нысаны мен қайнар көзі - Отан десек, оның мазмұны - туған жер, ұлттық тіл, ұлттық дәстүр, тарихи ескерткіштер. Олардың адам көкірегіне жылылық, жақындық, туысқандық сезімдерді ұялатып, ізгі де ерлік істердің қайнар көзіне айналуы патриотизмге тәрбиелеудің арқауы болып табылады. Сондықтан әрбір жас ұрпаққа өз мемлекетіне, оның бай тарихына, болашағына деген жауапкершілігін сезіндіретін әрекет жүйесін жасау керек. Яғни, әрбір адам балалық шағынан бастап Қазақстан-менің Отаным, мен Отаным алдында борыштарым деген ойларды сіңіруі қажет.

Қазақстандық отаншылдыққа, ұлтжандылыққа, елдегі барлық халықтарға достық қатынасқа тәрбиелеу аса маңызды міндет. Еліміз тәуелсіздік алғанға дейін «Қазақстандық отаншылдыққа тәрбиелеу» деген сөз тіркестері қолданылған жоқ. Кеңес Одағы елдегі барлық халықтардың Отаны, яғни КСРО - біздің Отанымыз деп үйретілді.

Бүгінгі таңда Қазақстан Республикасы – егемен, тәуелсіз мемлекет. Мұнда көптеген ұлттар мен халықтардың өкілдері өзара достық пен бейбітшілікте өмір сүреді. Осы тәуелсіз мемлекеттің ойдағыдай дамып, гүлденуі үшін барлық халықтардың бір-бірімен тату-тәтті, сыйластық, ынтымақтастық қатынас жасауы тиіс. Қазақстан олардың бәрінің Отаны болғандықтан біздің елді мекендеген барлық халықтар Қазақстандық отаншылдық рухында тәрбиеленуі тиіс. Сондықтан мемлекет басшылары барлық ұлттар мен халықтардың ұлттық мүдделеріне сай келетін көптеген шараларды жүзеге асыруда. Атап айтсақ, көшіп-қону, келу-кету; өздерінің ұлттық Отандарымен жан-жақты байланыс жасау, халықтар, ұлттар мүддесін қорғайтын қоғамдық бірлестіктер құру т.б. [2, 175 б.].

Бұл бағыт Елбасы Н.Ә.Назарбаевты «Қазақстан-2050» стратегиясы-қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Жолдауында кеңінен көрініс тапты: «Біз қоғамдық келісімді сақтауға және нығайтуға тиіспіз. Бұл - біздің мемлекет ретінде, қоғам ретінде, ұлт ретінде өмір сүруіміздің айнымас шарты. Қазақстан патриотизмінің іргетасы – барлық азаматтардың тең құқылығы және олардың Отан намысы алдындағы жалпы жауапкершілігі.

Болашаққа деген сенім болмаса, толыққанды мемлекет құруға болмайды. Мемлекет пен азаматтың мақсаттары барлық бағыттар бойынша сәйкес келуі өмірлік тұрғыдан маңызды. Мемлекеттің басты міндеті де осы.

Өз бойымызда және балаларымыздың бойында жаңа қазақстандық патриотизмді тәрбиелеуіміз керек. Бұл ең алдымен елге және оның игіліктеріне деген мақтаныш сезімін оятады» [3].

Қазақ халқының патриотизмі, қазақстандық патриотизм - ата-бабаларымыздың аманат еткен жерін қорғау, елжандылық, отансүйгіштік қасиетті сақтай білу және ел, халық, мемлекет мүддесі үшін қызмет етіп, оның дамуына үлес қосу.

«Адам баласы дүниеге патриот болып келмейді. Ол білім мен тәрбие алып, әлеуметтік ортамен араласып, азаматтық болмысын қалыптастыру кезінде патриотқа айналады. Өзінің жеке мақсат-мүдделері қоғам игілігімен үндесіп, елінің дамуына елеулі үлес қосып жатқанын жан-жүрегімен сезінген адам нағыз бақытқа кенеледі.

Халқымыздың біртуар перзенті Әлихан Бөкейханов «Ұлтқа қызмет ету білімнен емес, мінезден» деген. Біз шынайы патриоттық сезіммен рухтанып, қасиетті Тәуелсіздігімізді одан әрі нығайта түсу үшін бірлесе жұмыс істеуіміз керек», [4] - деп жазды Қазақстан

Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев өзінің «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» атты мақаласында.

Жаңа Қазақстан үшін бүгінде өзіндік қазақ өркениетін дамыту, экономикалық потенциалын өсіру, салт-дәстүрін, әдет-ғұрпын, тілі мен ділін, басқа да ұлттық құндылықтар аясын кеңейту, ұлттық тарихты жаңғырту, сонымен қатар қоғамдағы ізгілік қарым-қатынас пен ынтымақтастықты, ұлтаралық мәдениетті дамыту, халықтар арасындағы достықты нығайту өзекті мәселелер болып табылады.

Жаңа Қазақстанның өркендеп дамуы бүгінгі күннің жастарына - өз елінің шынайы патриоттарына байланысты. Сондықтан олар тәуелсіздіктің тарихи маңызын терең оймен түсініп, жүрегімен сезінуі қажет.

#### **Пайдаланған әдебиеттер:**

1 Ә.Дүйсебек, Г.Жусанбаева. Ұлттық құндылықтардың алтын дінгегі-патриоттық тәрбие. // Қазақ тарихы. Ғылыми-әдістемелік журнал. №1, 2009 жыл, 45-46 бб.

2 Тұрлығұл Т.Т. Қазақстан тарихын оқытудың теориясы мен әдістемесі. –Алматы: Қарасай, 2011.-264 б.

3 «Қазақстан-2050» стратегиясы-қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты. Қазақстан Республикасының Президенті – Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. // Қостанай таңы №140, 20 желтоқсан 2012 жыл.

4 Тәуелсіздік бәрінен қымбат. Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың мақаласы. // Егемен Қазақстан №2 (29981) 5 қаңтар 2021 жыл.

### **ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ АЗАТТЫҚ ЖОЛЫНДАҒЫ АЛАШ ИДЕЯСЫ МАҢЫЗЫНЫҢ КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕРІ**

Елеукен Б.

Ғылыми жетекшісі: г.ғ.м., аға оқытушы Жағыпар Ә.Б.  
Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті

XX ғасырдың басында қазақтың ұлттық идеясы заман талабына сай жетілдіріліп, сапалық негізінде жедел жетілдіре түскен болатын. Уақыт ағымына қарай, саяси тұрғысында жетіліп, Алаш идеясы дүниеге келді. Алаш идеясының өзегі ол ұлттың дербес мемлекет болу еді, бүгінгі Қазақ елі –Алаштың арманының іске асқанын көрінісі десек те болады. Оны жетілдіруші және қозғаушысы Алаш партиясын шынайы қажеттіліктен құрған алаш қайраткерлері тарихи мүмкіндікті қалт жібермеу үшін аянбай еңбек етті. Осы мақаланы жазудағы біздің мақсатымыз жаңа көзқарас пен айрықша серпілістің бастамасындағы мәңгі ел мұратының жалғасы іспеттес Тәуелсіздікке жету жолындағы Алаш идеясының маңызына тоқталып, ой пікірімізді білдіру.

Егемендікке қол жеткізгеннен кейінгі еліміздің басты міндеттерінің бірі – тәуелсіздікке жету жолындағы тарихымыз, Алаш идеясының негізгі құндылықтарын саралау, қазақ ұлтының келбетін сақтау еді. Бұл еліміздің тарихындағы елеулі кезең турасында Елбасы Н.Ә. Назарбаев: «XX ғасырдың алғашқы ширегіндегі Қазақстанның қоғамдық саяси өміріндегі Алаш партиясының алатын орны мен қызметін зерттеу Отандық тарихымыздың ең өзекті мәселелерінің бірі. Себебі кезінде Алаш партиясының жетекшілерінің ұсынған қағидалары өз маңыздылығын сақтап отыр» [1], – деп әділ бағасын берген еді.

Алаш қозғалысының негізгі идеясы демократиялы қоғам қалыптастырып, сөзсіз еркіндік пен дамудың алғышарты ретінде қазақтың ұлттық мемлекетін құру болатын. Бүгінгі Тәуелсіз Қазақстан мемлекеті – сол идеяның жемісі. Алаш идеясы әсершіл ұраншыл қазақтың ойы емес, жалпыадамзаттық құндылық этикасын сақтай отыра, отарлық езгінің